

Бұл басылым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы емес, тек ақпараттық және аналитикалық мақсаттарға арналған. Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және олар бойынша мөлшерлемелер туралы жалпы ақпарат алуға бағытталған, Қор екінші деңгейдегі банктердің веб-сайттарында мониторинг жүргізу негізінде жиналған деректердің дәлдігіне, толықтығына, сенімділігі және өзектілігіне кепілдік бере алмайды.

Банктік салым шартын жасау туралы шешім қабылдамас бұрын, таңдалған банктегі ақпаратты нақтылау қажет. Банкте депозит ашу туралы шешім қабылдаған кезде тек банктік өнімнің кірістілігіне ғана емес, сонымен қатар банктің қаржылық тұрақтылығын ескеру қажет екенін еске саламыз. Ақпарат үшін: Қор веб-сайтында депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің халықаралық рейтингтік агенттіктер тағайындаған рейтингтері туралы ақпарат орналастырылған (<https://kdif.kz/finansovaya-gramotnost/rating/>).

Жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері 2023 жылдың мамырдағы жағдайы бойынша
(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне (бұдан әрі - жүйе) қатысушы банктердің сайттарының мониторингі негізінде)

Мазмұны:

- 1) [Мамыр айындағы банктік пайыздық мөлшерлемелер динамикасына шолу](#)
- 2) [Салым түріне байланысты мөлшерлемелерді нақтылайтын кестелер](#)
- 3) [Қор ұсынатын шекті \(ең жоғарғы\) мөлшерлемелер](#)
- 4) [Қор жіктемесіндегі депозиттік өнімдер туралы ақпарат](#)

1. Мамыр айындағы банктік пайыздық мөлшерлемелер динамикасына шолу

2023 жылдың мамыр айында банктік депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелер сәуірмен салыстырғанда өзгеріссіз қалды. Банктер өздерінің ішкі депозиттік саясатына байланысты депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелері туралы шешімді дербес қабылдайды. Ол Қор бекіткен шекті сыйақы мөлшерлемелерінен айтарлықтай ерекше болуы мүмкін.

Өз кезегінде, шолу нәтижелері де банктік депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері азаматтар үшін депозит таңдауда анықтаушы фактор болып табылмайтынын көрсетеді. Депозиттік өнімді таңдауда халық банктің тұрақтылығы мен сенімділігі, сондай-ақ банк көрсететін қызметтердің ыңғайлылығы мен сапасы сияқты сипаттарды басшылыққа алады.

Мерзімсіз депозиттер¹


Қордың шекті мөлшерлемесі - 16,3%

19 жүйеге қатысушы банктердің 15-і мерзімсіз депозиттерді тартады.

¹ мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Әдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

Мерзімсіз депозиттер бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерін *ВТБ Банкі* (16,3%), *Bereke Bank* (16,1%) және *ҚЗИ Банкі* (16,1%) ұсынады. Бұл ретте мерзімсіз депозиттерді тарту бойынша негізгі көшбасшылар: *Kaspi Bank* (15,0% мөлшерлеменен), *Халық банкі* (15,2%) және *БЦК* (15,5%) болып табылады, олар көптеген басқа банктер сияқты 15,0-ден 15,5%-ға дейін дәлізде осындай депозиттер бойынша кірістілікті ұсынады.

1-сурет. Мерзімсіз депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (мамыр 2023 ж.)



Толықтырылатын мерзімді депозиттер²

Қордың шекті мөлшерлемелері: 3 және 6 ай - 16,8%, 12 ай – 14,5%, 12 айдан астам – 10,5%.


19-дан 4 жүйеге қатысушы банктер (*БЦК*, *ҚЗИ Банкі*, *Forte Bank* және *Bank RBK*) толықтыру құқығымен мерзімді депозиттерді тартады, бұл ретте *Forte Bank* ағымдағы айда толықтыру құқығынсыз мерзімді депозиттер сегментінен осы сегментке өтті.

Мамыр айында қатысушы банктер толықтыру құқығымен мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастырған жоқ. Осы сегменттегі ең жоғары кірісті 6 ай мерзімімен депозиттер бойынша 16,6% мөлшерлеменен *ҚЗИ Банк* ұсынады. Бұдан басқа, *ҚЗИ Банкі* 12 ай мерзімімен депозиттер бойынша Қордың шекті мөлшерлемелері деңгейінде – 14,5% мөлшерлемелерді ұсынады.

² мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит - шарттық талаптары бойынша Әдістемде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен депозит.

Ағымдағы жылдың мамыр айында 3 және 6 ай мерзімдерімен толықтыру құқығымен мерзімді депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелер жылдық инфляция деңгейімен теңестірілді.

2-сурет. Толықтырылатын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (мамыр 2023 ж.)




Толықтырылмайтын мерзімді депозиттер

Қордың шекті мөлшерлемелері: 3 және 6 ай - 17,3%, 12 ай – 14,8%, 12 айдан астам – 10,7%.

19-дан 2 қатысушы банк (ВТБ Банкі және Қытай Банкі) толықтыру құқығынсыз мерзімді депозиттер ұсынады.

Қатысушы банктер осы сегменттегі сыйақы мөлшерлемелерін ағымдағы айда қайта қараған жоқ. 2023 жылдың мамырында ВТБ Банкі толықтыру құқығынсыз мерзімді депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелерді ұсынады. Жалпы, депозиттердің осы сегментінде ең төменгі сыйақы мөлшерлемелер.

3-сурет. Толықтырылмайтын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (мамыр 2023 ж.)



Толықтырылатын жинақ депозиттер


Қордың шекті мөлшерлемелері: 3 және 6 ай - 17,8%, 12 ай – 15,7%, 12 айдан астам – 13,5%.

Қазіргі уақытта 8 қатысушы банк (Еуразиялық банк, Банк Хоум Кредит, Altyn Bank, Bank RBK, Банк Фридом Финанс, Нұрбанк, Bereke Bank және Forte Bank) толықтыру құқығымен жинақ депозиттерін тартады.

Мамыр айында толықтыру құқығымен жинақ салымдары бойынша мөлшерлемелер қайта қаралған жоқ. 3, 6 және 12 ай мерзімдері бар салымдар бойынша банктердің көпшілігі шекті мөлшерлемелерге жақын мөлшерлемелерді белгілейді.

Жоғарыда аталған банктердің көпшілігі 3 және 6 айлық жинақ депозиттері бойынша 17,0% мөлшерлемені ұсынады – бұл толықтыру құқығы бар жинақ салымдары сегментіндегі ең жоғары мөлшерлемелер. 12 ай мерзімдері бар депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемені Хоум Кредит Банкі ұсынады –14,9%, қалған банктер 14,0-14,5% дәлізде сыйақы мөлшерлемелерін ұсынады. 12 айдан астам жинақ депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері Қордың шекті мөлшерлемелерінен едәуір төмен және 7,9%-дан 12,7%-ға дейінгі аралықта өзгереді.

4-сурет. Толықтырылатын жинақ депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (мамыр 2023 ж.)



Толықтырылмайтын жинақ депозиттер


Қордың шекті мөлшерлемелері: 3 және 6 ай - 18,3%, 12 ай – 16,9%, 12 айдан астам – 14,3%.

11 қатысушы банк (Еуразиялық банк, БЦК, Банк Хоум Кредит, Altyn Bank, Bank RBK, Нұрбанк, Банк Фридом Финанс, Халық банкі, Банк ВТБ, ҚЗИ Банкі және Bereke Bank) толықтыру құқығынсыз жинақ депозиттерін ұсынады. Алайда мамыр айында мұндай салымдардың негізгі көлемін тек 3 қатысушы банктер тартты.

Мамыр айында осы сегменттегі депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінде өзгеріс болған жоқ. ҚЗИ Банкі, ВТБ Банкі және Банк Хоум Кредит Қордың шекті мөлшерлемелері деңгейінде толықтыру құқығынсыз жинақ салымдарын ұсынады, қалған қатысушы банктер – Қор мөлшерлемелері шегінен төмен.

Ағымдағы жылдың мамыр айында 3, 6 және 12 айға толықтыру құқығынсыз жинақ депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелер қалыптасқан инфляция деңгейінен асып түсті.

5-сурет. Толықтырылмайтын жинақ депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (мамыр 2023 ж.)



2. Салым түріне байланысты мөлшерлемелерді нақтылайтын кестелер

1-кесте. Мерзімсіз депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

№	Банктер	Мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер		
		Наурыз 2023	Сәуір 2023	Мамыр 2023
		ұсынылатын ең жоғарғы мөлшерлеме деңгейінде		
1	Банк ВТБ	16,3	16,3	16,3
		ұсынылатын ең жоғарғы мөлшерлеме деңгейінен төмен		
2	Береке Банк	15,5	16,1	16,1
3	ҚЗИ Банкі	16,1	16,1	16,1
4	Банк Фридом Финанс	15,5	15,5	15,5
5	Хоум Кредит	15,5	15,5	15,5
6	Bank RBK	15,5	15,5	15,5
7	Еуразиялық банк	15,5	15,5	15,5
8	Forte Bank	15,5	15,5	15,5
9	Altyn Bank	15,5	15,5	15,5
10	Jusan Bank	15,5	15,5	15,5
11	БЦК	15,5	15,5	15,5
12	Нұрбанк	15,5	15,5	15,5
13	Halyk Bank	15,2	15,2	15,2
14	Kaspi Bank	15,0	15,0	15,0
15	Шинхан Банк	8,8	8,8	8,8

2-кесте. Толықтырылатын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

№	Банктер	Толықтырылатын мерзімді депозиттер											
		Наурыз 2023				Сәуір 2023				Мамыр 2023			
		3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары
1	ҚЗИ Банкі	16,2	16,6	14,5		16,2	16,6	14,5		16,2	16,6	14,5	
2	БЦК	16,0	16,0	13,7		16,0	16,0	13,7		16,0	16,0	13,7	
3	Bank RBK			13,5	9,5			13,5	9,5			13,5	9,5
4	Forte Bank											8,0	

3-кесте. Толықтырылмайтын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

№	Банктер	Толықтырылмайтын мерзімді депозиттер											
		Наурыз 2023				Сәуір 2023				Мамыр 2023			
		3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары
1	Банк ВТБ	0,0	8,8	10,0	0,0	0,0	8,8	10,0	0,0	0,0	8,8	10,0	0,0
2	Қытай Банкі	5,7	3,6	2,5	2,5	5,7	3,6	2,5	2,5	5,7	3,6	2,5	2,5

4-кесте. Толықтырылатын жинақ депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

№	Банктер	Толықтырылатын жинақ депозиттер											
		Наурыз 2023				Сәуір 2023				Мамыр 2023			
		3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары
1	Банк Хоум Кредит		17,0	14,9	12,7	17,0	17,0	14,9	12,7		17,0	14,9	12,7
2	Нұрбанк	17,0	17,0	14,5	12,2	17,0	17,0	14,5	12,2	17,0	17,0	14,5	12,2
3	Bereke Bank	16,9	17,0	14,5	12,2	16,9	17,0	14,5	12,2	16,9	17,0	14,5	12,2
4	Еуразиялық Банкі		17,0	14,5	7,9		17,0	14,5	7,9		17,0	14,5	7,9
5	Банк Фридом Финанс		17,0	14,5	7,9		17,0	14,5	7,9		17,0	14,5	7,9
6	Bank RBK		15,5	14,5	11,5		15,5	14,5	11,5		15,5	14,5	11,5
7	Forte Bank	17,0	17,0	14,4	11,1	17,0	17,0	14,4	11,1	17,0	17,0	14,4	11,1
8	Altyn Bank	17,0	16,0	14,0		17,0	16,0	14,0		17,0	16,0	14,0	

5-кесте. Толықтырылмайтын жинақ депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер, %

№	Банктер	Толықтырылмайтын жинақ депозиттер											
		Наурыз 2023				Сәуір 2023				Мамыр 2023			
		3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары	3 ай	6 ай	12 ай	12 айдан жоғары
1	Банк ВТБ	18,3	18,3	16,9	14,3	18,3	18,3	16,9	14,3	18,3	18,3	16,9	14,3
2	ҚЗИ Банкі	18,2	18,3	16,9	14,2	18,2	18,3	16,9	14,2	18,2	18,3	16,9	14,2
3	Банк ХоумКредит	17,5	17,5	16,1	13,5	17,1 ▼	17,5	16,9 ▲	14,3 ▲	17,1	17,5	16,9	14,3
4	Нұрбанк	17,0	17,5	15,7	13,0	17,0	17,5	15,7	13,0	17,0	17,5	15,7	13,0
5	Банк Фридом Финанс	17,0	17,5	15,7	11,3	17,0	17,5	15,7	11,3	17,0	17,5	15,7	11,3
6	Еуразиялық Банкі		17,5	15,7	11,3		17,5	15,7	11,3		17,5	15,7	11,3
7	БЦК	17,2	17,2	15,7		17,2	17,2	15,7		17,2	17,2	15,7	
8	Bereke Bank	16,9	17,2	15,7	13,0	16,9	17,7 ▲	15,7	13,0	16,9	17,7	15,7	13,0
9	Bank RBK	16,0	16,0	15,5	12,0	16,0	16,0	15,5	12,0	16,0	16,0	15,5	12,0
10	Altyn Bank	17,5	16,5	15,0	11,2	17,5	16,5	15,0	11,2	17,5	16,5	15,0	11,2
11	Nalyk Bank		16,0	14,6	11,3		16,0	14,6	11,3		16,0	14,6	11,3

3. Сыйақының шекті (ең жоғарғы) мөлшерлемелері – 2023 жылдың сәуір, мамыр және маусым айларына

Мерзімсіз, мерзімді және жинақ депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелер 2023 жылғы мамырда барлық мерзімге сәуір мәндері деңгейінде сақталды.

Депозиттің санаты	Толықтырылатын депозиттер бойынша, %			Толықтырылмайтын депозиттер бойынша, %		
	Сәуір 2023	Мамыр 2023	Маусым 2023	Сәуір 2023	Мамыр 2023	Маусым 2023
Мерзімсіз депозиттер	16,3	16,3	16,3	16,3	16,3	16,3
Мерзімді депозиттер						
3 айға	16,8	16,8	16,8	17,3	17,3	17,3
6 айға	16,8	16,8	16,8	17,3	17,3	17,3
12 айға	14,5	14,5	14,5	14,8	14,8	14,8
24 айға	10,5	10,5	10,5	10,7	10,7	10,7
Жинақ депозиттер						
3 айға	17,8	17,8	17,8	18,3	18,3	18,3
6 айға	17,8	17,8	17,8	18,3	18,3	18,3
12 айға	15,7	15,7	15,7	16,9	16,9	16,9
24 айға	13,5	13,5	13,5	14,3	14,3	14,3

Қор жіктемесіндегі депозиттік өнімдер туралы ақпарат:

№	Банктер	Қор жіктемесіндегі депозиттік өнімнің түрі	Депозиттік өнімнің атауы
1	Еуразиялық Банк	Мерзімсіз	Turbo Deposit
		Толықтырылатын жинақ	Turbo Deposit Қазпошта
		Толықтырылмайтын жинақ	TURBO Deposit Жинақтаушы
		Талап етуге дейінгі депозит	TURBO Deposit Жинақтаушы
2	БЦҚ	Мерзімсіз	Талап етуге дейінгі депозит
		Толықтырылмайтын жинақ	Чемпион
		Толықтырылатын мерзімді	Рахмет
3	Нұрбанк	Мерзімсіз	Менің мақсатым
		Толықтырылмайтын жинақ	Нұр Алтын Оптимальный
		Толықтырылатын жинақ	Нұр Алтын Сберегательный
		Субсидияланатын (МБЖЖ ³)	Нұр Алтын Сберегательный
		Талап етуге дейінгі депозит	АQYЛ білім алуға арналған салым
4	Home Credit Bank	Мерзімсіз	Талап етуге дейінгі депозит
		Толықтырылмайтын жинақ	Қарапайым
		Толықтырылатын жинақ	Почтовый Хоум
5	Bereke Bank	Мерзімсіз	Сберегательный Хоум
		Толықтырылмайтын жинақ	Сберегательный Хоум +
		Толықтырылатын жинақ	Басқару
6	Банк ВТБ	Мерзімсіз	Пайданды жіберіп алма
		Толықтырылмайтын жинақ	Сенім
		Толықтырылмайтын мерзімді	Сақтау
		Субсидияланатын (МБЖЖ)	Жайлы
7	Halyk Bank	Мерзімсіз	Жинақтаушы
		Толықтырылмайтын жинақ	Табысты

³ Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі

		Субсидияланатын (МБЖЖ)	AQYL білім алуға арналған салым
8	Kaspi Bank	Мерзімсіз	Kaspi Депозит
9	Forte Bank	Мерзімсіз	Алынатын депозит
		Толықтырылатын мерзімді	Шығарып алусыз депозит
		Толықтырылатын жинақ	Шығарып алусыз жинақ депозиті
10	FH Jusan Bank	Мерзімсіз	OGO-депозиті Jusan депозиті
		Субсидияланатын (МБЖЖ)	AQYL
11	Bank RBK	Мерзімсіз	DEPOSITUM
		Толықтырылатын жинақ	Grand
		Толықтырылмайтын жинақ	Safe
		Толықтырылатын мерзімді	Dream
		Талап етуге дейінгі депозит	Талап етуге дейінгі депозит
12	Altyn Bank	Мерзімсіз	Алтын Қор
		Толықтырылмайтын жинақ	Резерв
		Толықтырылатын жинақ	Резерв+
13	Банк Фридом Финанс	Мерзімсіз	КОПИЛКА
		Толықтырылатын жинақ	СТРАТЕГИЯ
		Толықтырылмайтын жинақ	КАПИТАЛ
14	ҚЗИ Банкі	Мерзімсіз	Ай сайынғы капиталдандырумен икемді депозиті
		Толықтырылатын мерзімді	Мерзімді Салым
		Толықтырылмайтын жинақ	Жинақ депозиті
15	Шинхан Банк	Мерзімсіз	Береке
16	Отбасы банк	Субсидияланатын (ТҚЖЖ ⁴)	БАСПАНА
			БАЛАЛАР ДЕПОЗИТІ
			АРНАУ
17	Қытай Банкі	Толықтырылмайтын мерзімді	Жеке тұлғаларға арналған мерзімді салым
		Талап етуге дейінгі депозит	Талап етуге дейінгі депозит

* Депозиттердің әр түріне кепілдік мөлшері Қордың сайтында ұсынылған: <https://www.kdif.kz/depozity-i-garantiya/garantiya/>

⁴ Тұрғын үй құрылыс жинақтау жүйесі